



ТҮПНҰСҚА

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы		82- 11
Силлабус		16 беттің 1 беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  
жанындағы медицина колледжі

### Силлабус

Пәні: ЖКП 10 «Алғашқы медициналық көмек»

Мамандығы: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

Курс: 2

Семестр: 4

Оқу түрі: күндізгі

Бақылау түрі: емтихан

Жалпы еңбек сыйымдылығы барлық сағат/кредиттер KZ: 2/48

Аудитория: 12

Симуляция: 36

«Алғашқы медициналық көмек» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Мамандығы: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фермацевт»

Оқытушы : Юсупова Н.М.

Силлабус «Клиникалық пәндер II» кафедра мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 " 02 " 09 2024 ж.,

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к. [Signature] Сагиндыков Н.Н.

ПЦК мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 2 " 03 " 09 2024 ж.

ПЦК төрайымы: [Signature] Айбекова Г.Н.

Әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді.

№ 3 хаттама " 04 " 09 2024ж

Әдістемелік кеңес төрағасы : [Signature] Мамбеталиева Г.О.

**Оқытушылар жайлы мәлімет:**

№	Тегі, аты, жөні	Атқаратын қызметі, дәрежесі	Курс, оқитын пәні	Электрондық мекен - жайы
1.	Сагиндыков Н.Н.	Кафедра меңгерушісі М.Ғ.К.	1/2 курс «Алғашқы медициналық көмек»	Nurislam.otrar@list.ru
2	Назарбаев Н.Н.	Оқытушы	1/2 курс «Алғашқы медициналық көмек»	Nurislam.otrar@list.ru
3	Бекназарова Айнур Аскарловна	Оқытушы	1/2 курс «Алғашқы медициналық көмек»	askarovna_82@mail.ru
3	Юсупова Н.М.	Оқытушы	1/2 курс «Алғашқы медициналық көмек»	yusupovanagima9@gmail.com
4	Тіленіш Ж.У	Оқытушы	1/2 курс «Алғашқы медициналық көмек»	Tilenz@mail.ru
5	Момынова Б.Л.	Оқытушы	1/2 курс «Алғашқы медициналық көмек»	Aminaaliaidar.1327@gmail.com

**1.1. Кіріспе:** «Алғашқы медициналық көмек» пәнін оқыту болашақ маманның кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алғашқы көмекті ұйымдастыру, жапа шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету және құзыреттілік деңгейінде өкпе - жүрек реанимациясын жасау сұрақтарына көп көңіл бөлінеді. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету — адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апатты жағдайлар қатарына: әр түрлі жарақаттар (сынық, буынның шығуы, сүйек сынуы), уланулар, суға бату, күйік, үсік шалу, электр тоғы соғу, асылып қалу т.б. жатады.

**1.2. Пәннің мақсаты:** оқушыларға алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің теориялық және тәжірибелік дағдыларын үйрету. Мақсатқа жету үшін теориялық білімді тәжірибеде қолдана білуге жаттықтыру.

**1.3. Пәннің саясаты:**

№	Студенттерге қойылатын талап	Орындамаған жағдайда айыптау шаралары
1.	Себепсіз сабақ қалдыру рұқсат етілмейді.	Тәжірибелік сабақты себепсіз қалдырған жағдайда бж қойылады.
2	Себеп бойынша қалдырылған сабақтарды өз уақытысында өтеу.	Себепті қалдырылған сабақтар тек деканат рұқсатымен (өтеу қағазы) өтеледі.
3	Дәріс және тәжірибелік сабақтарға уақытылы келу.	Студент 5 минуттан артық кешіксе сабаққа жіберілмейді. Оқу журналына және дәріс журналына бж қойылады.
4	Студенттің сыртқы келбеті талапқа сай болуы (халат, колпак, ауыстыратын аяқ киім және т.б.).	Студенттің сыртқы көрінісі талапқа сай болмаған жағдайда сабаққа немесе дәріске жіберілмейді және тәжірибелік журналда немесе дәріс журналында бж қойылады.
5	Студентте медициналық санитарлық кітапшаның болуы.	Медициналық санитарлы кітапшасыз студент клиниканың бөлімшеріне жіберілмейді және тәжірибелік журналға бж қойылады.
6	Студент оқытушыларға, курстастарына сыйластық пен қарауы қажет.	Студент құрметсіздік танытқан жағдайда, бұндай мінез-құлқы кафедра жиналысында талқыланады, деканатқа және ата-анасына жеткізіледі.
7	Кафедраның мүліктеріне студенттердің қамқорлық жасауы.	Мүліктерді бұзған жағдайда, студент өз күшімен қалпына келтіреді.

#### 1.4. Пәннің міндеттері:

- оқушыларға алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсететін жағдайлармен таныстыру;
- емдік мекемелерінде және үйде науқасқа жедел көмектің теориялық және тәжірибелік негіздерін үйрету;
- кәсіптік этика және деонтология процесстерін үйрету;
- реанимациялық шаралармен таныстыру және үйрету;
- шұғыл жағдайда науқасқа дәрігерге дейінгі көрсетілетін көмек дағдыларын үйрету

#### 1.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижесі:

Симуляция жағдайында науқасқа бағытталған кеңес берудің негізгі дағдыларын көрсете біледі.

- Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын-алу кезінде дәлелденген мәліметтерді қолдана отырып науқасқа бағытталған жоспар құру.
- Науқастың денсаулығын нығайту, оңалту және аурудың алдын-алу туралы өз іс-әрекетін қортындылау
- Науқасқа оқыту құралдары мен әдістерін қолдануға қабілетті.
- Мәселелер мен факторлардың рациональді шешімдерінің негізгі кезеңдеріне, науқастарға бағытталған оқытуға ықпал ететін факторларды анықтайды
- Науқастарға оқытуда тұрақсыздандырылған мәселелерді жоюға қабілетті.
- Науқастармен, туыстарымен, әріптестерімен қарым- қатынас жасау кезінде өз білімі мен дағдыларын көрсете біледі.
- Жұмыс бойынша ақпарат беруде өз білімі мен дағдыларын көрсете біледі.
- Аудитория алдында өз пікірін, талдауға және зерттелген аймақта ақпаратты синтездеуге қатысу арқылы сөйлеу дағдыларын меңгереді.

**1.6. Пререквизиттер:** Білім алушылардың осы пәнді оқып үренуі үшін келесі пәндерден білімі болу керек: биология, анатомия, физиология. Осы пәндерді оқып үйренгендегі білім, іскерлік және дағдыларды келесі пәндерді оқып үйренуде пайдаланады.

**1.7. Постреквизиттер:** Алғашқы медициналық көмек.

**1.8. Пәннің қысқаша мазмұны:** Алғашқы медициналық көмек – зақымданулар, кенеттен болатын аурулар кезінде, зардап шеккендердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті қарапайым шұғыл шаралар. Алғашқы көмек қан кетуді тоқтатудан тұрады, ол үшін аяқтың көтерілген күйінде, оны буынға мүмкіндігінше бұгу немесе қысым таңғышын қолдану жеткілікті. Алғашқы көмек-зақымдалған аяқтың сүйек сынықтарының қозғалмауын және асқынулардың алдын алу мақсатында (көлік иммобилизациясы) шиналармен немесе қолдағы таяқтармен, тақталармен және т. б. қамтамасыз ету. Алғашқы көмектің негізгі шаралары: апатқа түскен адамды апат әсерінен құтқару (өрттен, судан шығару); апаттың зиянды әсерін тоқтату (адамды жылыту, иіс тисе таза ауа жұтқызу); қан тоқтату, жараны байлау, сынған аяқтың немесе қолдың қозғалысын тежеу; жасанды дем алдыру, жүрекке жабық массаж жасау, құзыреттілік деңгейінде өкпе - жүрек реанимациясын жасау, апатқа түскен адамды тезірек емдеу мекемесіне жеткізу немесе жедел медициналық көмек көрсететін дәрігерлер тобын шақыру.

**1.9. Тақырыптық жоспар:** тақырыптар, қысқаша мазмұны, оқыту түрлері (әдістері) технологиялары және сабақтың ұзақтығы (өзіндік жұмыс, оқытушымен бірге өзіндік жұмыс, аудиториялық сабақтар, симуляциялық сабақтар, практикалық сабақтар).

**1.9.1. Аудиториялық сабақтың тақырыптық жоспары.**

№	Аудиториялық сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Алғашқы медициналық көмек көрсету пәні, міндеттері. Жедел жағдайларды клиникалық диагностикалау әдістері.	Алғашқы медициналық көмек көрсету пәні, міндеттері. Жедел жағдайлардың ауруханаға дейінгі кезеңдегі науқасты клиникалық зерттеу және диагностикалау әдістері.	1
2	Ес бұзылысының сатылары: оглушение, сопор, кома. Терминальды жағдайлар: жантәсілім жағдай, клиникалық өлім, биологиялық өлім. Кенеттен өлім сипаттамасы.	Ес бұзылысының сатылары мен терминальді жағдайларды клиникалық диагностикалау. Жантәсілім жағдай, клиникалық өлім, биологиялық өлім. Кенеттен өлім сипаттамасы.	1
3	Қан кету. Қан кету түрлері. Клиникалық белгілері. Қан кету кезінде алғашқы көмек.	Қан кетудің жіктелуі. Қан кетуді анықтау жолдары. Өртүрлі дәрежедегі қан жоғалтудың клиникалық белгілері. Қан кетуді тоқтату түрлері.	1
4	Жаралар, олардың түрлері. Жараны бірінші және екінші хирургиялық өңдеу.	Жаралар жайлы түсінік. Жаралар түрлері. Жараланудағы алғашқы дәрігерге дейінгі көмек. Жараны бірінші және екінші хирургиялық өңдеу.	1
5	Десмургия. Сүйек сынуы. Буын шығуы. Тасымалдау шинасын қою ережелері.	Таңғыштың түрлері. Таңу ережелері. Бинтті және бинтсіз таңудың түрлері. Сүйек сынуы. Буын шығуы. Тасымалдау шинасын қою ережелері.	1
6	Жедел улану, түрлері, симптомдары. <b>Аралық бақылау - 1</b>	Жедел улану: тағамнан, дәрі дәрмектен, көмір қышқыл газдан, ФОҚ. Клиникалық симптомдары, этиологиясы. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	1
7	Тыныс жолдарында бөгде зат. Симптомдары, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	Тыныс жолдарында бөгде зат. Симптомдары, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	1
8	Күйік шалу. Күйіктің түрлері, симптомдары. Жылу мен күн	Күйік шалу. Күйіктің түрлері, симптомдары. Жылу мен күн сәулесінің	1

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82- 11	
Силлабус	16 беттің 7 беті	

	сәулесінің соққысы.	соққысы кезіндегі естен тану, коллапс. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	
9	Үсік шалу. Ауырлық дәрежелері. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	Үсік шалу. Зақымдану дәрежесі, клиникасы.	1
10	Суға бату, ауырлық дәрежесі, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	Суға бату, ауырлық дәрежесі, симптомдары, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	1
11	Электрожарақат. Найзағаймен зақымдану.	Электрожарақат. Найзағаймен зақымдану. Ауырлық дәрежесі. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	1
12	Кенеттен өлім сипаттамасы. Жүрек- өкпе реанимациясының негізгі ережелері. <b>Аралық бақылау - 2</b>	Кенеттен өлім сипаттамасы. Жүрек-өкпе реанимациясының негізгі ережелері. ЖӨР жүргізу және оған қарсы көрсеткіштер. Реанимациялық іс шаралардың нәтижелік көрсеткіштері	1
	<b>Барлығы:</b>		12

### 1.9.2. Симуляциялық сабақтың тақырыптық жоспары.

№	Симуляциялық сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Алғашқы медициналық көмек көрсету пәні, міндеттері. Жедел жағдайларды клиникалық диагностикалау әдістері.	Алғашқы медициналық көмек көрсету пәні, міндеттері. Жедел жағдайлардың ауруханаға дейінгі кезеңдегі науқасты клиникалық зерттеу және диагностикалау әдістері.	2
2	Ес бұзылысының сатылары: оглушение, сопор, кома. Терминальды жағдайлар: жантәсілім жағдай, клиникалық өлім, биологиялық өлім. Кенеттен өлім сипаттамасы.	Ес бұзылысының сатылары мен терминальді жағдайларды клиникалық диагностикалау. Жантәсілім жағдай, клиникалық өлім, биологиялық өлім. Кенеттен өлім сипаттамасы.	3
3	Асептика және антисептика. Алғашқы көмек көрсетуге арналған аптечка. Медициналық эвакуация және зардап шегушілерді тасымалдау әдістері.	Асептика және антисептиканы сақтау. Алғашқы көмек көрсетуге арналған аптечка құрамы. Медициналық эвакуация және зардап шегушілерді тасымалдау әдістері.	2

4	Десмургия.	Десмургияның жалпы мазмұны. Таңғыштың түрлері. Таңу ережелері. Бинтті және бинтсіз танудың турлері.	2
5	Қан кету. Қан кету түрлері. Клиникалық белгілері. Қан кету кезінде алғашқы көмек.	Қан кетудің жіктелуі. Қан кетуді анықтау жолдары. Өртүрлі дәрежедегі қан жоғалтудың клиникалық белгілері. Қан кетуді тоқтату түрлері.	2
6	Жаралар, олардың түрлері. Жараны бірінші және екінші хирургиялық өңдеу.	Жаралар жайлы түсінік. Жаралар түрлері. Жараланудағы алғашқы дәрігерге дейінгі көмек. Жараны бірінші және екінші хирургиялық өңдеу.	2
7	БМЖ. Травматикалық шок. Кома.	БМЖ. Классификациясы(ашық, жабық, ми шайқалуы, ми соғылуы, симптомдары). Травматикалық шок. Кома.	3
8	Сүйек сынуы. Буын шығуы. Жұмсақ тіндердің жабық жарақаты.	Жұмсақ тіндердің жабық жарақаттары: сіңір созылуы, жұмсақ тіннің гематомасы. Алғашқы көмек көрсету. Сүйек сынуы. Буын шығуы. Диагностикасы. Тасымалдау шинасын қою ережелері.	2
9	Жедел улану(тағамдық токсикоинфекция). Ас қазан жуу алгоритмі.	Жедел улану: тағамнан, дәрі дәрмектен, көмір қышқыл газдан, ФОҚ. Клиникалық симптомдары, этиологиясы. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек. Ас қазан жуу алгоритмі.	2
10	Тыныс жолдарында, көзде, құлақта, мұрында бөгде зат. Симптомдары, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	Тыныс жолдарында, көзде, құлақта, мұрында бөгде зат. Симптомдары, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	3
11	Жылу мен күн сәулесінің соққысы.	Жылу мен күн сәулесінің соққысы, естен тану, коллапс кезіндегі алғашқы медициналық көмек.	2



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82- 11	
Силлабус	16 беттің 9 беті	

12	Электржарақат және найзағаймен зақымдану.	Электржарақат және найзағаймен зақымдану белгілері. «Ток ілмегі» және «Кернеулік қадам» туралы түсінік. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	2
13	Күйік шалу. Күйіктің түрлері, симптомдары. Алғашқы мед.көмек.	Күйік шалу. Күйіктің түрлері, симптомдары. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	2
14	Үсік шалу. Ауырлық дәрежелері. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	Үсік шалу. Зақымдану дәрежесі, клиникасы. Үсік кезіндегі дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	2
15	Суға бату, ауырлық дәрежесі, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	Суға бату, ауырлық дәрежесі, симптомдары, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.	2
16	Кенеттен өлім сипаттамасы. Жүрек-өкпе реанимациясының негізгі ережелері.	Кенеттен өлім сипаттамасы. Жүрек-өкпе реанимациясының негізгі ережелері. Жүрек тоқтауының сипаттамасы, өлімнің клиникалық белгілері. Реанимациялық іс шаралардың нәтижелік көрсеткіштері.	3
	<b>Барлығы:</b>		36

### 1.10. Негізгі әдебиеттер:

1. Утепов, Д. П. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті басқаруды іске асыру / Д. П. Утепов. - Шымкент, 2015. - 64 б.
2. И.М.Красильникова, Е.Г.Мойсеева Дәрігерге дейінгі шұғыл көмек. Оқулық. Жауапты редакторы А.Н.Саржанова. Қазақ тіліне аударған Г.Ж.Сағындықова. Москва 2014ж. 208бет.
3. П.В.Глыбочко, В.Н.Никоненко, Е.А.Алексеева, Г.М.Карнаухов. Первая медицинская помощь. Оқулық. Москва 2007ж.240бет.
- 4.Қалимұрзина, Б. С. Ішкі аурулар. Т. 1. : оқулық. - Алматы : Эверо, 2010. - 540 бет
- 5.Қалимұрзина, Б. С. Ішкі аурулар. Т. 2. : оқулық. - Алматы : Эверо, 2010. - 504 бет
- 6.Қалимұрзина Б. С. Ішкі аурулар. 2 томдық. 1-том: оқулық. – А., 2007

#### 1.10.1. Қосымша әдебиеттер:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82- 11	
Силлабус	16 беттің 10 беті	

7. Алпысова, А. Р. Неотложные состояния в практике врача скорой помощи: учебно-методическое пособие / А. Р. Алпысова. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 176 с. -
8. Круглов, В. Скорая доврачебная помощь : монография / В. Круглов. - Ростов н/Д : Феникс ; СПб. : ООО Изд-во "Северо-Запад", 2008. - 352 с. - (Попул. медицина).
9. Ішкі аурулар бойынша объективтендірілген құрамдастырылған клиникалық емтихан: оқу-әдістемелік құрал = Объективный структурированный клинический экзамен по внутренним болезням : учебно методическое пособие / М. Оспанов атындағы БҚММУ ; құрас. Қ. Ж. Ахметов - М. : "Литтерра", 2016. - 368 б
10. Сырқатнама оқу-әдістемелік құрал. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2015. - 80 с

### 1.10.3. Электрондық ресурстар:

1. Ішкі аурулар. Эндокринология модулі [Электронный ресурс] : оқулық =
2. Внутренние болезни. Модуль эндокринология : учебник / ред. Р. С. З. Досмагамбетова. - Электрон. текстовые дан. ( 49,4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 248 бет. эл. опт. диск (CD-ROM)
3. Ішкі аурулар. Пульмонология модулі [Электронный ресурс] : оқулық = Модуль внутренние болезни. Пульмонология : учебник / А. М. Жусупова [ж/б.]. - Электрон. текстовые дан. (1,42Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 264 бет. эл. опт. диск
4. Ішкі аурулар. Гематология модулі [Электронный ресурс] : оқулық = Модуль внутренние болезни. Гематология : учебник / Л. Г. Тургунова [ж/б.]. - Электрон. текстовые дан. (1,42Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 240 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).
5. Ішкі аурулар. Гастроэнтерология модулі [Электронный ресурс] : оқулық = Модуль внутренние болезни. Гастроэнтерология : учебник / Е. М. Ларюшина. - Электрон. текстовые дан. (1,42Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 384 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).

### 1.11. Оқу және оқыту әдісі:

- Аудиториялық сабақ: Тақырып бойынша шолу.
- Симуляция: ауызша сұрау, командада жұмыс істеу, манекенмен, муляжбен жұмыс істеу, шағын топтарда жұмыс жасау.

### 1.12. Бағалау критерийлері:

- Қорытынды баға келесі компоненттерден тұрады (салыстырмалы салмағы): Ағымдағы бақылау 1 (ТК А (дәрістер): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу.
- Ағымдағы бақылау 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу
- Аралық бақылау
- Қорытынды экзамен: қорытынды тест және билет бойынша дұрыс жауаптары

Бағалау	Қолданылатын бақылау құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сыни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест)	Барлығы
ТК 1 (ТК А (дәрістер, семинарлар):	3 сыни талдауға тапсырма:	60%

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы	82- 11	
Силлабус	16 беттің 11 беті	

жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу)	- бақылау сұрақтары - тапсырмалар - тесттер	
ТК 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу.	- Практикалық дағдыларды пысықтау және құзыреттіліктердің орындалуын талқылау; - Диспутацияланатын мәселелер бойынша аргументтерді таныстыру.	40%
Емтиханға жіберу рейтингісі		X60%
Қорытынды емтихан	Пән тақырыптары бойынша тесттер (100 сұрақ) немесе билеттер: теориялық сұрақтар, СӨЖ бойынша сұрақтар.	X40%
Курстық қорытынды бағасы		0-100 балл

**Аттестация**  
**Рейтинг шкаласы**

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұнды пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	

D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	Қанағатсыз
Бағалау критерилері	<p><b>Өте жақсы «A»:</b> Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда</p> <p><b>Жақсы «B+» - «C+»:</b> Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда</p> <p><b>Қанағаттанарлық «C» - «D»:</b> Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда</p> <p><b>Қанағатсыз «F»:</b> Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда</p>		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостықа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК Симуляция + ТК (аралық бақылау) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (x 40%) Емтихан (жеке): Қорытынды емтихан

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар):

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

**Тапсыру мерзімі:** Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9

## Қосымша – 1.

### Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Студенттің науқасты денсаулықты нығайту,	Науқасты денсаулықты нығайту, оңалту және аурулардың	Науқасты денсаулықты нығайту, оңалту және аурулардың	Науқасты денсаулықты нығайту, оңалту және аурулардың	Науқасты денсаулықты нығайту, оңалту және аурулардың



	оңалту және аурулардың алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін талдау дәрежесі.	алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін білмейді.	алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін қанағаттанарлық деңгейде біледі.	алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін жақсы деңгейде біледі	алдын алу мәселелеріне үйрету бойынша өз іс-әрекеттерін біледі.
ОН 2	Студенттің денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыру бойынша шешімдер қабылдауы.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды түсінбейді.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды бойынша қанағаттанарлық деңгейде түсінеді.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды жақсы деңгейде түсінеді.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша зерттеулерді жүзеге асыруды түсінеді.
ОН3	Студенттің денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдарын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын қолдана жасай алу дәрежесі.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдарын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын қолдана алмайды.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдарын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын қанағаттанарлық деңгейде қолданады.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдарын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын жақсы деңгейде қолданады.	Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу бойынша дәлелді ақпарат пен барабар оқу материалдарын пайдалана отырып, пациентті оқыту жоспарын қолданады.
ОН4	Студенттің денсаулықты	Денсаулықты нығайту, оңалту және	Денсаулықты нығайту, оңалту және	Денсаулықты нығайту, оңалту және	Денсаулықты нығайту, оңалту және

	<p>нығайту, оңалту және аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттіліктері мен проблемаларын анықтауда этикалық принциптерді көрсету дәрежесі.</p>	<p>аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттіліктері мен проблемаларын анықтауда этикалық принциптерді көрсете алмайды.</p>	<p>аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттіліктері мен проблемаларын анықтауда этикалық принциптерді қанағаттанарлық деңгейде көрсетеді.</p>	<p>аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттіліктері мен проблемаларын анықтауда этикалық принциптерді жақсы деңгейде көрсетеді.</p>	<p>аурудың алдын алу бойынша пациенттің қажеттіліктері мен проблемаларын анықтауда этикалық принциптерді көрсетеді.</p>
ОН5	<p>Студенттің жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын көрсету.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын талдай алмайды.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын қанағаттанарлық деңгейде талдайды.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын жақсы деңгейде талдайды.</p>	<p>Жеке пациенттерге ауызша және тиімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өз бетінше кеңес беру, нұсқау беру, қолдау және оқыту дағдыларын талдайды.</p>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы

Силлабус

82- 11

16 бетгің 15 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Клиникалық пәндер-II» кафедрасы

Силлабус

82- 11

16 бетгің 16 беті